

Шымкент қаласының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылған сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекіту туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 14 маусымдағы № 17/153-VIII шешімі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 14-бабы 2) тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 587-бабы 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шымкент қаласының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары (түбірімен босатылған сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы
мәслихатының төрағасы

Б. Нарымбетов
Шымкент қаласы мәслихатының
2024 жылғы 14 маусымдағы
№ 17/153-VIII шешіміне
1-қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттарға пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
Ұзақ мерзімді орман пайдалану (10 жылдан 49 жылға дейін)			
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттар үшін пайдалану	гектар	1,22
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін тарихи-мәдени, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану	гектар	4,47

Қысқа мерзімді орман пайдалану (бір жылдан он жылға дейін)

1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, сауықтыру мақсаттар үшін пайдалану	адамнан болған әрбір күн үшін	0,1
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін тарихи-мәдени, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану	адамнан болған әрбір күн үшін	0,1

Шымкент қаласы мәслихатының
2024 жылғы 14 маусымдағы
№ 17/153-VIII шешіміне
2-қосымша

Жанама орман пайдаланулар үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Орман пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
Қысқа мерзімді орман пайдалану (бір жылдан он жылға дейін)			
1.	Балара ұяларын орналастыру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану	дана	2,44
2.	Көкөніс өсіру, бақша шаруашылығы, бақ шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану	гектар	Салық кодексінің 510-бабы 1-тармағының талаптары ескеріле отырып, Салық Кодексінің 503-бабында белгіленген жер салығы мөлшерлемелері деңгейінде белгіленеді
3.	Шөп шабу үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану, оның ішінде шөп шабу алқаптарының сапалық жағдайы бойынша:	жақсы	гектар 2,93
		қанағаттанарлық	гектар 2,20
		нашар	гектар 1,71
	Мал жаю үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану, оның ішінде малдың түрі бойынша:		

4.	түйе	гектар	1,71
	ірі қара мал	гектар	1,37
	жылқы	гектар	1,37
	ірі қара төлі	гектар	0,69
	есек	гектар	0,69
	ешкі	гектар	1,20
	қой	гектар	0,34

Шымкент қаласы мәслихатының
2024 жылғы 14 маусымдағы
№ 17/153-VIII шешіміне
3-қосымша

Екінші дәрежелі сүрек ресурстарын дайындағаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Ағаш және бұта тұқымдылардың атаулары	Екінші дәрежелі сүрек ресурстың атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
1.	Емен, шаған	сабақтар	тонна	0,082
		жапырақтар	тонна	0,061
		томарлар	тонна	0,020
2.	Үйеңкі, шегіршін	сабақтар	тонна	0,028
		жапырақтар	тонна	0,021
		томарлар	тонна	0,007
3.	Ағаш тектес тал, терек	сабақтар	тонна	0,022
		жапырақтар	тонна	0,016
		томарлар	тонна	0,005
4.	Грек жаңғағы, пісте	сабақтар	тонна	0,070
		жапырақтар	тонна	0,052
		томарлар	тонна	0,017
5.	Өрік, долана, шие, жиде, тұт ағашы, алма ағашы, өзге де ағаш тұқымдастар	сабақтар	тонна	0,046
		жапырақтар	тонна	0,034
		томарлар	тонна	0,011

Төлемақы мөлшерлемелеріне мынадай коэффициенттер қолданылады:

кеспеағаш аймағының жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан қашықтығына қарай:

10 км дейін – 1,30;

10,1 - 25 км – 1,20;

25,1 - 40 км – 1,00;

40,1 - 60 км – 0,75;

60,1 - 80 км – 0,55;

80,1 - 100 км – 0,40;

100 км-ден көп – 0,30.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК